

**«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ  
Директорлар Кеңесі  
«БЕКІТКЕН»  
№ 41/23 2023 жылғы «13» қарашадан бастап  
хаттама**

**«АВТОТРАНЗИТ» ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ АВТОКӨЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ  
№ 3 ҚОСЫМШАСЫ**

**Алматы, 2023 ж.**



«АВТОТРАНЗИТ» ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ  
БАҒДАРЛАМАСЫ

«BASEL»  
САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ  
АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ  
№ 3 ҚОСЫМШАСЫ

Сақтандыру класы:	Автокөлікті ерікті сақтандыру.
Сақтанушы:	Меншік, жалға алу құқығындағы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа негіздегі сақтандырылған автокөліктің иесі саналатын заңды тұлға.
Пайда алушы:	Сақтанушы.
Сақтандырылған тұлғалар:	Сақтанушы берген сенімхат немесе жол қағазы негізінде автокөлікті басқаратын жеке тұлғалар.
Сақтандыру объектісі:	Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайлары ретінде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде автокөліктің зақымдалуы немесе жоғалуы (қирауы) салдарынан автокөлікті иеленумен, пайдаланумен, оған иелік етумен байланысты Сақтанушының мүлдіктік мүдделері.
Сақтандыру мәні	Қазақстан Республикасының жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органының бөлімшелерінде тіркелмеген және Қазақстан Республикасының аумағын транзит режимінде кесіп өтетін автокөлік.
Сақтандыру жағдайы:	Сақтандырылған автокөліктің келесі оқиғалардың салдарынан зақымдалуы немесе жоғалуы (қирауы): 1) <b>жол-көлік оқиғасы</b> – тек сақтандырылған автокөліктің жүретін жолында және оның қатысуымен туындаған оқиға; 2) <b>өзге көлік оқиғасы</b> – кездейсоқ сыртқы әсерден туындаған және/немесе іргелес аумақта (жолға тікелей іргелес жатқан және көлік құралдарының тұра жүруіне арналмаған аумақ, соның ішінде аулалар, тұрғын алқаптары, автотұрақтар, автокөліктерге жанармай құю станциялары, кәсіпорындар) орын алған, сақтандырылған автокөлікке қатысты немесе оның қатысуымен жүру барысында болған оқиға, атап айтқанда: басқа көлік құралымен соқтығысу, қозғалмайтын немесе қозғалыстағы заттарды (құрылыстар, бөгеттер, жануарлар және т.б.) басып кету (қағу), автокөліктің төңкерілуі, құлауы, мұз астына құлап түсу, топырақтың шөгуді салдарынан жол жабыны астына құлап түсу, қозғалыстағы көлік құралы (соның ішінде сақтандырылған автокөлік) астынан сақтандырылған автокөлікке тастың тиюі; 3) <b>заттардың құлауы</b> – сақтандырылған автокөлікке қандай да бір заттың (қар, мұз және т.б.) құлауы; 4) <b>өрт</b> – отты жағуға және қолдауға арнайы тағайындалған жерлерден тыс жерде оттың туындауы немесе олардың шекарасынан тысқары таралуы және өздігінен таралу қабілеті; 5) <b>жарылыс</b> – қысқа уақыт аралығында аз көлемдегі энергияның елеулі түрде бөлінуімен өтетін және жарылыс өнімдерінің жоғары жылдамдықты кеңеюі салдарынан қоршаған ортаға тигізілетін соққы, діріл және жылу әсерлеріне әкелетін, тез өтетін физикалық немесе физикалық-химиялық процесс; 6) <b>найзағай түсуі</b> – сақтандырылған мүлікке найзағайдың тікелей түсуі; 7) <b>табиғи апаттар, атап айтқанда: құйын (ауа райы жағдайынан туындаған, желдің күші Бофорт шкаласы бойынша 8 балға сай келетін, желдің жылдамдығы 60 км/сағ-тан астам болатын ауа массаларының қозғалысы) немесе дауыл, бұршақ, су тасқыны, жер сілкінісі, көшкін, сел тасқынының жүруі;</b> 8) <b>үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері</b> , соның ішінде айдап әкету нәтижесінде автокөліктің толық істен шығуы (жымқыру мақсатынсыз автокөлікті заңсыз иелену), жымқырудың келесі формаларын қоспағанда: ұсақ жымқыру, біреудің сеніп тапсырылған мүлкін иемдену немесе ысырап ету, алаяқтық, қарақшылық, тонау; 9) <b>айдап әкету</b> – жымқыру мақсатынсыз автокөлікті немесе өзге көлік құралын заңсыз иелену; 10) <b>ұрлық</b> – біреудің мүлкін жасырын жымқыру.
Сақтандыру сомасы:	Сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі автокөліктің нақты (нарықтық) құны, бірақ бір автокөлік бойынша 30 000 000,00 (отыз миллион) теңгеден астам емес.
Сақтандыру тарифі:	Сақтандыру сомасының 0,1%, бірақ Сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша 50 АҚШ долларынан кем емес.
Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері:	Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартын жасасқан күні біржолғы қолма-қол төлеммен/ақшасыз төлеммен төлейді.
Франшиза:	Сақтандыру шартында келесі мөлшердегі шартсыз франшиза көзделеді: Ішінара зақымдау кезінде – әр сақтандыру жағдайы бойынша 200 000 теңге; Толық қираған кезде – сақтандыру сомасының 10%; «Айдап әкету» және «Ұрлық» тәуекелдері бойынша – сақтандыру сомасының 20%.
Сақтандыру төлемі:	1) Франшизаны шегергенде, нақты залал мөлшерінде, бірақ Шартта белгіленген сақтандыру сомасынан астам емес мөлшерде Пайда алушыға төленеді; 2) Жол полициясы органдарының құжаттары міндетті түрде ұсынылады. 3) Сақтанушы мәлімдеген оқиғаның фактісін, мән-жайын және салдарын растайтын, уәкілетті мемлекеттік органдар жасаған құжаттар міндетті түрде ұсынылады.

	4) Төлем амортизациялық тозуды ескере отырып, тәуелсіз бағалаушының бағалауы туралы есеп негізінде төленеді.
<b>Қосымша талаптар:</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Сақтандыруға Астана қ., «Нұрлы ЖОЛ» ТЖ вокзалынан Б. Қонысбаев және Қазығұрт Өзбекстан шекарасының өткізу бекеттеріне дейінгі бағдармен жүретін, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелмеген шетел өндірушілерінің өздігінен түсіргіш көліктері қабылданады.</li><li>2. Сақтанушы сақтандыру жөніндегі өтінішпен бірге Сақтандырушының өкілі немесе Сақтанушы КҚ-ның төрт жағынан түсірген фотосуреттерді міндетті түрде ұсынады (кез келген қолжетімді тәсілмен: whatsapp, электрондық пошта және т.б. арқылы).</li><li>3. Көлік құралын иелену, пайдалану, оған иелік ету құқығын, сондай-ақ көлік құралдарының транзит режимін растайтын құжаттар.</li></ol>
<b>Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі:</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен бастап күшіне енеді және қайсысы ертерек орын алатынына қарай Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе Сақтандыру шарты бойынша алғашқы сақтандыру төлемі алынғанға дейін қолданылады.</li><li>2. Шарттың қолданылу мерзімі күнтізбелік 1-14 күнді құрайды.</li></ol>
<b>Сақтандыру аумағы:</b>	Қазақстан Республикасы, Астана қ., «Нұрлы ЖОЛ» ТЖ вокзалынан Б.Қонысбаев және Қазығұрт Өзбекстан шекарасының өткізу бекеттеріне дейін.
<b>Сақтандыру шартын жасасу үлгісі:</b>	Сақтандыру шарты қағаз тасығышта немесе электрондық түрде рәсімдеу жолымен беріледі.
<b>Өзге сақтандыру талаптары:</b>	Сақтандыру бағдарламасының өзге талаптары «Basel» сақтандыру компаниясы АҚ-ның Автокөлікті ерікті сақтандыру қағидаларына сәйкес регламенттеледі.

